

ТЕННИСТІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. КОРТ

Корт ұзындығы 23,77 метр және жеке матч үшін ені 8,23 метр, жұп матч үшін 10,97 метр тікбұрыш болып табылады.

Корт ортасынан 1,07 метр биіктікте екі бағаналарда бекітілген сымда немесе металл арқанда бекітулі тормен бөлінуі тиіс. Тор екі бағаналардың арасындағы кеңістікті толық жабатындай етіп орналасып, доп олардың арасынан өтіп кетпейтіндей көлемдегі ұяшықтарға ие болуы керек. Тор ортасында 0,914 метр биіктікте белбеумен шектелуі тиіс. Металл кабель мен тордың үсті мата жолағымен жабылуы тиіс. Белбеу мен матаның жолағы тұтас ақ түсті болуы керек.

- сымның немесе металл арқанның ең үлкен диаметрі 0,8 см болуы керек.
- белбеудің ең үлкен ені 5 см болуы керек.
- мата жолағының ені әр жағынан 5 см және 6,35 см енді болуы керек.

Жұп матч үшін торды бекіту бағаналарының орталары жұп корттың бүйірлік сызығының сыртқы жағынан 0,914 м қашықтықта орналасуы керек.

Жеке матч үшін, егер жеке тор пайдаланылса, торды бекіту бағаналарының орталары жеке корттың әр бүйірлік сызығының сыртқы жағынан 0,914 м қашықтықта орналасуы тиіс. Егер жеке ойынға арналған тор пайдаланылса, онда ол 1,07 м биіктікте екі дара тіректермен ұсталынуы керек, олардың орталары жеке корттың әр бүйірлік сызығының сыртқы жағынан 0,914 м қашықтықта орналасуы қажет.

- Торды бекіту бағанасының қима ауданы 15 шаршы см немесе диаметрінде 15 см аспауы тиіс.
- Дара тіректің қима ауданы 7,5 шаршы см немесе диаметрінде 7,5 см аспауы тиіс.
- Торды бекіту бағанасы және дара тірек сымның немесе металл арқанның үстінде 2,5 см артық шығып тұрмауы тиіс.

Корттың бүйіржақтарындағы сызықтар артқы сызықтар, ал корттың бүйірлеріндегі сызықтар бүйірлік сызықтар деп аталады.

Тордың екі жағынан 6,40 м қашықтықта дара бүйірлік сызықтар арасында оған параллель екі сызық сызылуы керек. Бұл сызықтар беру сызықтары деп аталады. Тордың әр жағынан беру сызықтары арасындағы аумақ берудің орталық сызығымен екі тең бөліктерге, беру квадраттарына бөлінуі тиіс. Берудің орталық сызығы дара бүйірлік сызықтарға параллель және олардың ортасында сызылуы қажет.

Әрбір артқы сызық, корттың ішінде дара бүйірлік сызықтарға параллель сызылуы тиіс болатын, ұзындығы 10 см орталық белгімен теңдей бөлінуі керек.

- Берудің орталық сызығының және орталық белгінің ені 5 см болуы тиіс.
- Корттың қалған сызықтарының ені 2,5 см бастап 5 см дейін болуы тиіс. Артқы сызықтардың ені 10 см дейін болуы керек.

Корттың барлық өлшеулері сызықтың сыртқы жиектері бойынша жүргізілуі керек, ал корттың барлық сызықтары бір түсті төсемнің түсімен қарама-қарсы болуы тиіс.

Корттағы, тордағы, белбеудегі, жолақтағы, торды бекіту бағаналарындағы, дара тіректердегі кез келген жарнамаға, III Қосымшада көрсетілгенді қоспағанда, рұқсат етілмейді.

2. ТҰРАҚТЫ ЖАБДЫҚ

Корттың тұрақты жабдығына корттан артқы және бүйір жағындағы қоршау, көрермендер, көрермендерге арналған трибуналар мен отырғыштар, сондай-ақ корттың айналасындағы және оның үстіндегі қалған жабдықтар, мінбедегі төреші, сызықтағы төрешілер және ережелермен белгіленген жайғасымдардағы доп берушілер кіреді.

Жеке матч жұп торы және дара тіректері бар кортта ойналатын кезде торды бекіту бағаналары мен дара тірек және бағана арасындағы тордың бөлігі тұрақты жабдық болып табылады және тордың ойын бөлігі немесе бағаналар болып есептелмейді.

3. ДОП

Теннис ережелеріне сәйкес ойынға арналған жарамды доптар I Қосымшада анықталған айрықшаламаға сәйкес болуы тиіс.

Халықаралық Теннис Федерациясы (ITF) доптардың айрықшалама талаптарына сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы шешім қабылдайды. Мұндай шешім өзінің бастамасы бойынша немесе кез келген ойыншыны не жабдық өндірушісін, Ұлттық Қауымдастықты не оның мүшесін қоса алғанда, кез кез келген мүдделі тараптың сұрауы бойынша қабылдануы мүмкін. Мұндай шешім қолданылатын Халықаралық Теннис Федерациясының (ITF) Тексеру және Тыңдау Процедурасына сәйкес қабылдануы мүмкін (VI Қосымшаны қараңыз).

Жарыс ұйымдастырушысы алдын ала жарыстың басталуына дейін:

А. Ойындағы доптар санын (2, 3, 4 немесе 6).

Б. Ойында доптарды алмастыру тәртібін, егер мұндай жағдай орын алса, жариялауы тиіс.

Доптарды алмастыру, егер бұл ескерілген болса:

- i. Геймдердің белгіленген тақ санынан кейін, мұндай жағдайда доптарды бірінші алмастыру, ширатып шынықтыруда доптардың тозуын есепке алу үшін, әр кейінгіден 2 геймге ертерек болады. Тай-брейк гейм доптарды алмастыру үшін бір гейм сияқты есептелінеді. Доптарды алмастыру тай-брейкті ойнау алдында жүзеге асырылмайды. Бұл жағдайда доптарды алмастыру келесі сеттің 2-ші геймінің басталуына қарай кейінге қалдырылуы керек; немесе
- ii. Сеттің басында жүзеге асырылуы тиіс.

Егер доп ойнау кезінде жарылып қалса, ұпай қайта ойнатылуы тиіс.

1 жағдай: Егер доп ойнау соңында жұмсақ болып қалса, ұпай қайта ойнатылуы тиіс пе?

Шешім: Егер доп жұмсақ, бірақ жарылмаған болса, ұпай қайта ойнатылмауы тиіс.

Ескерту: Осы Теннис Ережелері бойынша өткізілетін жарыста пайдаланылатын кез келген доп, Халықаралық Теннис Федерациясымен бекітілген доптардың ресми парағында аталып өткен доптар санында болуы тиіс.

4. РАКЕТКА.

Осы Теннис Ережелеріне сәйкес ойынға арналған жарамды ракетка II Қосымшадағы айрықшаламаға сәйкес келуі тиіс.

Ракетканың не оның түптұлғасының талаптарға және ойынға жарамдылығына сәйкестігінің шешімі Халықаралық Теннис Федерациясымен қабылданады. Мұндай шешім өзінің бастамасы бойынша немесе, кез келген ойыншыны не жабдық өндірушісін, Ұлттық Қауымдастықты не оның мүшесін қоса алғанда, кез кез келген мүдделі тараптың сұрауы бойынша қабылдануы мүмкін. Мұндай шешім қолданылатын Халықаралық Теннис Федерациясының (ITF) Тексеру және Тыңдау Процедурасына сәйкес қабылдануы мүмкін (VI Қосымшаны қараңыз).

1 жағдай: Ракетканың соқпа бетінде ішектердің қосарлы торын қолдануға рұқсат беріле ме?
Шешім: Жоқ. Ереже қиылысқан ішектердің торы туралы (торлары туралы емес) айтады (II Қосымша).

2 жағдай: Ішекті бетті біртекті және жазық деп есептеуге бола ма, егер ішектер бір жазықтықтан артық орналасатын болса?
Шешім: Жоқ.

3 жағдай: Дірілді сөндіретін құрылғылар ракетканың ішектерінде орналаса алады ма? Егер орналасатын болса, онда қай жерінде?
Шешім: Иә, орналаса алады, бірақ тек қиылысатын ішектер торының сыртында ғана.

4 жағдай: Ұпайды ойнату кезінде ойыншы ракетканы кездейсоқ жыртып алды. Ойыншы келесі ойындарды осы ракеткамен ойнап, жалғастыра алады ма?
Шешім: Иә, егер бұл жарыс регламентімен тыйым салынбаса.

5 жағдай: Ойыншыға матчтың кез келген сәтінде бір ракеткадан артық пайдалануға рұқсат беріле ме?
Шешім: Жоқ.

6 жағдай: Ракетканың ойын сипаттамаларын жақсартатын аккумулятор оған кіріктіріле алады ма?
Шешім: Жоқ. Аккумулятор, батарейкалар және сондай-ақ басқа оған ұқсас құрылғылар сияқты, энергия көзі болып табылады.

5. ГЕЙМДЕГІ ЕСЕПТЕУ

А. Стандартты гейм.

Стандартты гейм, беруші бірінші болып жариялайтын есеппен жүргізіледі:

Ұпай жоқ - «Нөл»
Бірінші ұпай - «Он бес»
Екінші ұпай - «Отыз»
Үшінші ұпай - «Қырық»
Төртінші ұпай - «Гейм».

Екі ойыншы (жұптар) үш ұпайдан ұтқан жағдайды қоспағанда, онда есеп «Тең» деп жарияланады. «Теңнен» кейін есеп беруші үшін «Артық» болады, егер ол ұпайды ұтса, және «Кем» болады, егер ұтылса, жұп разрядта тең есеп кезінде шешуші ұпай ойнатылады және қабылдаушы жұп, берудің қай квадратқа жасалынатынын таңдайды. Егер тура сол ойыншы келесі ұпайды да ұтса, бұл ойыншы «Геймді» ұтады, егер келесі ұпайды қарсыласы ұтса, есеп қайтадан «Тең» болады. Ойыншы «Геймді» ұту үшін «Тең» есептен кейін қатарынан екі ұпайды ұтуы тиіс.

Б. Тай-брейк гейм.

Тай-брейк кезінде ұпайлар келесі түрде есептеледі: «Нөл», «Бір», «Екі», «Үш» және одан әрі. Қарсыласынан екі ұпайдан кем емес басымдылықпен бірінші болып 7 ұпай ұтқан ойыншы «Геймді» және «Сетті» ұтады. Қажет болған жағдайда тай-брейк екі ұпай басымдылыққа жетпейінше, жалғаса береді.

Беруге кезегі келген ойыншы тай-брейктегі бірінші ойнауды береді. Келесі екі ойнауды оның қарсыласы (жұп матчта, жұптағы беру кезегіне сәйкес, басқа жұптың ойыншысы береді. Одан әрі, әр ойыншы (жұп) тай-брейктің соңына дейін кезегімен екі-екіден ретті ойнауды береді (жұп матчта тай-брейктегі берулер кезектілігі сеттегі берістер кезектілігіне сәйкес келуі керек.

Тай-брейкте беруді бастаған ойыншы немесе жұп келесі сеттің бірінші геймінде қабылдауы тиіс.

ITF-мен бекітілген қосымша баламалы есептеу жүйелерін IV Қосымшадан қараңыз.

6. СЕТТЕГІ ЕСЕПТЕУ

Сеттегі есептеудің әртүрлі әдістері бар. Екі негізгі әдіс: «Толық сет» және «Сеттің тай-брейкі». Осы әдістердің кез келгені пайдаланылуы мүмкін, бұл ретте қолданылатын әдіс туралы шешім жарыстың басталуына дейін алдын-ала жариялануы керек. Егер «Сеттің тай-брейкі» жүйесі қолданылса, шешуші сеттің нысаны қандай, шешуші сетте тай-брейк ойналады ма немесе ол «Толық сет» сияқты ойналады ма, осыны нақтылау керек.

А) «Басымдылық сеті»

Қарсыласынан 2 гейм қажетті басымдылықпен 6 геймді бірінші болып ұтқан ойыншы (жұп) «Сетті» ұтады. Егер қажет болса, сет қажетті басымдылыққа жеткенге дейін жалғасады.

Б) «Тай-брейк сет»

Қарсыласынан 2 гейм қажетті басымдылықпен 6 геймді бірінші болып ұтқан ойыншы «Сетті» ұтады. Егер есеп «алтыда-алты» болса, тай-брейк ойналады.

Қосымша бекітілген есептеу жүйесі IV қосымшада сипатталған.

7. МАТЧТАҒЫ ЕСЕПТЕУ.

Матч 3 сет (ойыншы немесе жұп матчты ұту үшін 2 сетті ұтуы тиіс) немесе 5 сет (ойыншы немесе жұп матчты ұту үшін 3 сетті ұтуы тиіс) ойналуы мүмкін. 3 сеттік матчта жұпты разрядта 3-ші сеттің орнына 10 ұпайға дейін тай-брейк ойналады.

Есептеудің қосымша бекітілген жүйелері IV Қосымшада сипатталған.

8. БЕРУШІ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУШЫ.

Ойыншылар (жұптар) тордың жан-жағында орналасуы керек. Беруші – геймде бірінші ұпайды ойнату үшін ойынға допты қосатын ойыншы. Қабылдаушы – берушімен берілген допты қайтаруға дайын болатын ойыншы.

1 жағдай. Қабылдаушыға корттың сыртында орналасуға рұқсат беріле ме?

Шешім: Иә. Қабылдаушы корттың ішіндегі не сызықтың сыртындағы корттың өз жартысында, кез-келген жайғасымды алуы мүмкін.

9. ЖАҚТЫ ЖӘНЕ БЕРУДІ ТАҢДАУ.

Бірінші геймде корттың жағын не беріс кезектілігін таңдау құқығы бойды жазудың басталуы алдында жеребемен анықталады. Жеребені ұтқан ойыншы не жұп келесіні таңдай алады:

А. Матчтың бірінші геймінде беруді немесе қабылдауды, онда қарсыласы, ол бірінші геймде орналасатын корттың жағын таңдауы керек; немесе

Б. Корттың жағын, онда қарсыласы бірінші геймдегі беруді не қабылдауды таңдауы керек, немесе

В. Қарсыласты бірінші болып таңдауға міндеттеу керек.

1 жағдай. Екі ойыншы да өзінің таңдауын өзгерту құқығы бар ма, егер бойды жазу тоқтылған болса, және ойыншылар корт тастап кетсе?

Шешім: Иә. Жеребе нәтижесі өзгеріссіз қалады, бірақ екі ойыншының да жаңа таңдау жасауға құқығы бар.

10. ЖАҚТАРМЕН АУЫСУ.

Ойыншалар әр сеттің бірінші, үшінші және әр кейінгі тақ геймі аяқталуына қарай жақтармен ауысуы керек. Сондай-ақ, ойыншылар сеттің аяқталуына қарай жақтармен ауысуы тиіс, егер сетте ойналған геймдер саны тақ болса. Егер сетте ойналған геймдердің қосындысы жұп болса, онда жақтармен ауысу келесі сеттің бірінші геймінен кейін жасалынады.

Тай-брейк кезінде ойыншылар әр алты ойнатылған ұпайлардан кейін жақтармен ауысуы тиіс. ITF-мен рұқсат етілген басқа процедуралар IV Қосымшадан табылуы мүмкін.

11. ДОП ОЙЫНДА.

Егер беріс («Фолт») кезінде қате белгіленбесе және қайта ойнау («Лет») жарияланбаса, доп оны берушімен ойынға енгізу сәтінен бастап ұпай ойнату аяқталғанға дейін ойында болады.

12. ДОП СЫЗЫҚҚА ТИДІ.

Егер доп сызыққа тисе, бұл доптың, осы сызықпен шектелген корттың бөлігіне тигені деп есептелінеді.

13. ДОП ТҰРАҚТЫ ЖАБДЫҚҚА ТИДІ.

Егер доп, ойында бола тұрып, кортқа дұрыс тигеннен кейін тұрақты жабдыққа тисе, осы соққыны жасаған ойыншы ұпайды ұтады. Егер доп, ойында бола тұрып, жерге тигенге дейін тұрақты жабдыққа тисе, осы соққыны жасаған ойыншы ұпайдан ұтылып қалады.

14. БЕРУДІ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ.

Әр геймнің аяқталуына қарай қабылдаушы беруші болады, ал беруші келесі геймге қабылдаушы болады.

Жұп матчта, беріс жасау керек болатын жұптың ойыншыларына бірінші геймде кім беріс жасайтынын анықтау керек. Екінші геймнің алдында тура соны олардың қарсыластары шешуі тиіс. Бірінші геймде беріс жасаған ойыншының серіктесі үшіншіде беріс жасауы керек, ал екінші геймде беріс жасаған ойыншының серіктесі төртінші геймде беріс жасауы тиіс. Бұл бірізділік сеттің соңына дейін сақталуы қажет.

15. ЖҰПТА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ.

Сеттің бірінші геймінде қабылдау қажет болатын жұп, геймде бірінші ұпайды ойнатуда ойыншылардың қайсысы қабылдайтынын таңдайды. Сондай-ақ, олардың қарсыластары екінші геймнің бірінші ұпайын кім қабылдайтынын шешуі керек. Тиісінше, олардың серіктестері екінші ұпайды ойнатуда қатысады. Бұл бірізділік әр геймнің және сеттің аяқталуына дейін сақталуы керек. Қабылдау қажет болатын ойыншы допты қайтарғаннан кейін, серіктестердің кез келгені соққы жасай алады.

1 жағдай. Жұп бойынша серіктестердің біреуі қарсыластар жұбына қарсы ойнау үшін жалғыз өзі қала алады ма?

Жауап. Жоқ.

16. БЕРУ

Тікелей беру қимылы басталуының алдында, беруші артқы сызықтың артында (артқы сызық ойыншы мен тордың арасында болуы қажет) және орталық белгінің жорамалданған жалғасы мен бүйірлік сызықтың ішінде екі аяғымен тұруы қажет.

Беруші допты қолмен кез келген бағытта жоғары лақтыруы және ракеткамен допты ол жерге құлағанға дейін соққы жасауы қажет. Беру қимылы допқа соққы жасау немесе тимей қалу сәтінде аяқталған болып есептелінеді. Ойыншы тек бір жұмыс жасау қолымен ғана допты жоғары лақтыру

үшін ракетканы пайдалана алады.

17. БЕРУ ПРОЦЕДУРАСЫ (SERVING)

Стандартты геймде беру процедурасы келесідей: беруші, әр геймде оң жақ жартыдан бастап, корттың өз жағынан әртүрлі жартылардың сыртындағы жайғасымды кезек-кезек алып отырады.

Тай-брейкте беру, корттың оң жақ жартысынан бастап, корттың әртүрлі жартыларының сыртынан кезек-кезек жасалынуы керек.

Доп беруден кейін тордан асып ұшуы және қабылдаушы оны қайтарар алдында, диагональ бойымен қарама-қарсы орналасқан беру квадратының бөлігіне тиюі керек.

18. АДЫМДЫҚ (FOOT FOULT).

Беру қимылы кезінде беруші:

А. Жүріп келу немесе жүгіріп келу жолымен өзінің жайғасымын өзгертпеуі керек, сонда да аяқтарымен шағын қимылдар жасауға рұқсат етіледі; немесе

Б. Кез келген аяғымен артқы сызыққа немесе кортқа тимеуі керек; немесе

В. Кез келген аяғымен бүйірлік сызықтың жорамалдағы жалғасының сыртындағы бетке тимеуі тиіс; немесе

Г. Кез келген аяғымен орталық белгінің жорамалдағы жалғасына тимеуі керек.

Егер беруші осы ережені бұзатын болса, «Адымдық (Foot Foul)» жарияланады.

1 жағдай. Жеке матчта берушіге беріс сәтінде дара және жұп бүйірлік сызықтар арасында орналасуға рұқсат етіледі ме?

Шешім: Жоқ.

2 жағдай. Ойыншыға бір немесе екі аяғын жерден көтеріп тұруға рұқсат етіледі ме?

Шешім: Иә.

19. БЕРУ КЕЗІНДЕ ҚАТЕ ЖАСАУ.

Беру қате деп есептелінеді, егер:

А. Беруші 16, 17, 18 ережелерді бұзса; немесе

Б. Беруші допты ұруға тырысып, тимей қалса; немесе

В. Доп, беру орындалғаннан кейін жерге тигенге дейін тұрақты жабдыққа, дара тірекке немесе торды бекіту бағанасына тисе; немесе

Г. Доп, беру орындалғаннан кейін, берушіге не оның серіктесіне, немесе олардың киіміне не олардың қолындағы заттарға тисе.

1 жағдай. Беру қате деп есептелінеді ме, егер допты жоғары лақтырғаннан кейін беруші соққы жасауға айнып қалып, допты ұстап алса?

Шешім: Жоқ. Егер беруші допты жоғары лақтырғаннан кейін соққы жасаудан айнып қалса, ол оны қолмен немесе ракеткамен ұстап алуға, немесе оны жерге түсіруге құқылы.

2 жағдай. Жұп торы және дара тіректері бар кортта өткізілетін жеке матчта доп беруден кейін дара тірекке соғылды да, берудің дұрыс квадратына тиді. Бұл беру дұрыс па?

Шешім: Жоқ. Бұл қате.

20. ЕКІНШІ БЕРУ.

Егер бірінші беру қате болса, ойыншы беруді қайта орындауы тиіс, ол кідіртусіз, бірінші жасалған тура сол корттың жартысынан жасалынады, бірінші беру қате жақтан орындалған жағдайды қоспағанда.

21. ҚАШАН БЕРУДІ ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ КЕРЕК.

Қабылдаушы дайын болмайынша, беруші беруді орындамауы тиіс. Қабылдаушы, өз кезегінде, берушінің орынды қарқынында ойнауы керек және, беруші беруді орындауға дайын болған кезде, мақсатқа сай уақыт өткеннен кейін қабылдауға дайын болуы керек.

Қабылдауда допты қайтаруға әрекет жасаған қабылдаушы қабылдауға дайын деп есептелінеді. Егер қабылдаушы допты қабылдауға дайын болмаса, осы беруді орындау кезінде жасалған қате есептелінбейді.

22. БЕРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАЙТА ОЙНАУ.

Беруді қайта ойнату керек, егер:

А. Доп беруден кейін торға, металл арқанға не белбеуге тиіп, одан кейін дұрыс алаңға тисе, не торға, арқанға немесе белбеуге тигеннен кейін қабылдаушыға, оның серіктесіне немесе олардың киіміне, не олардың қолындағы заттарға тиетін болса.

Б. Доп, қабылдаушы дайын болмаған кезде берілсе.

Беруді қайта ойнатқан жағдайда орындалған беру есептелінбейді, және беруші жаңадан беруді орындауы қажет, бірақ алдыңғы әрекеттері сақталынады.

23. ҚАЙТА ОЙНАУ (LET).

Кез келген жағдайда, қайта ойнату тағайындалған кезде, толық ұпай қайта ойнатылады, екінші беруді орындаудан кейін беруді қайта ойнатудың тағайындалуын қоспағанда.

1 жағдай. Ұпайды ойнату кезінде, қортқа көрші қорттан доп домалап келді. Ұпайды қайта ойнату тағайындалады. Беруші қайта ойнатуға дейін бірінші беруді тигізбеді. Ол енді бірінші беруді ме, не екіншіні беруді орындауы керек пе?

Шешім: Бірінші беруді. Толық ұпай қайта ойнатылады.

24. ОЙЫНШЫ ҰПАЙДАН ҰТЫЛДЫ.

Ұпай ұтылған болып есептелінеді, егер:

А. Беруші беруді орындау кезінде қатарынан екі рет қателессе; немесе

Б. Ойыншы, ойында болған допты, оның жерден екінші кері серпілісіне дейін қайтара алмаса; немесе

В. Ойыншы, ойында болған допты қайтара отырып, оны қарсылысы кортының сыртындағы жерге не объектілерге бағыттаса; немесе

Г. Егер, ойыншымен қайтарылған доп жерге түскенге дейін тқрақты жабдыққа тиетін болса; немесе

Д. Қабылдаушы допты берушіге оның жерге түсу сәтіне дейін қайтарса; немесе

Е. Егер ойынша, ойында болған допты ракеткасынан арнайы ұстаса не қатарынан екі рет соққы жасаса; немесе

Ж. Егер, доп ойында болған кездегі кез келген сәтте ойыншы, ойыншының қолындағы, не оның қолдарынан тыс кездегі ракетка, не ойыншының киімі, не ойыншының қолындағы заттар торға, торды/дара тіректі бекіту бағаналарына, сымға немесе металл арқанға, тордың жолағына не белбеуіне, не қарсыластың кортына тисе; немесе

З. Ойыншы допқа, ол тордан асып кеткенге дейін, соққы жасайтын болса; немесе

И. Доп, ойында бола отырып, ойыншыға, оның киіміне не ол, ракеткадан басқа, өзімен жүрген затқа тисе; немесе

К. Доп, ойында бола отырып, ойыншы қолында ұстап тұрмаған ракеткаға тисе; немесе

Л. Ойыншы ұпайды ойнату кезінде ракетканың пішімін арнайы немесе елеулі түрде өзгертсе, немесе

М. Жұп матчта екі ойыншы да, допты қайтара отырып, оған тисе.

1 жағдай. Беруді орындағаннан кейін берушінің ракеткасы қолдан шығып кетеді де, доп жерге

тигенге дейін торға тиді. Бұл беру кезіндегі қате деп есептелінеді ме не ойыншы ұпайдан ұтылады ма?

Шешім: Беруші ұпайдан ұтылады, өйткені ракетка торға тиді, ал сол уақытта доп ойында болған еді.

2 жағдай. Беруді орындағаннан кейін берушінің ракеткасы қолдан шығып кетеді де, доп беру алаңының сыртындағы жерге тигеннен кейін торға тиді. Бұл беру кезіндегі қате деп есептелінеді ме не ойыншы ұпайдан ұтылады ма?

Шешім: Бұл беру кезіндегі қате деп есептелінеді, өйткені ракетка торға доп ойыннан шыққаннан кейін тиді.

3 жағдай. Жұп матчта берушінің серіктесі, берілген доп беру алаңына тигенге дейін, торға тиді. Қандай шешім дұрыс болады?

Шешім: Беруді жасаушы жұп ұпайдан ұтылады, өйткені берушінің серіктесі доп ойында болған уақытта торға тиді.

4 жағдай. Ойыншы ұпайдан ұтылады ма, егер ол допқа соққы жасағанға дейін және одан кейін тордың жорамалдағы жалғасын қиып өтсе?

Шешім: Ойыншы екі жағдайда да ұпайдан ұтылмайды, егер тек ол қарсыластың кортына ғана тимейтін болса.

5 жағдай. Ойыншыға ұпайды ойнату кезінде қарсыластың жағына қарай секіріп өтуге рұқсат етіледі ме?

Шешім: Жоқ. Бұл жағдайда ойыншы ұпайдан ұтылады.

6 жағдай. Ойыншы ракетканы ойында болатын доптың жағына қарай лақтырады. Ракетка да, доп та қарсылыстың жағына қарай, ол допты қайтаруға әлсіз болатындай, құлады. Ойыншылардың қайсысы допты ұтады?

Шешім: Ракетканы қолынан лақтырған ойыншы ұпайдан ұтылады.

7 жағдай. Берілген доп, жерге тигенге дейін, қабылдаушыға не оның жұптағы серіктесіне тиеді. Ойыншылардың қайсысы ұпайды ұтады?

Шешім: Ұпайды беруші ұтады, егер беруді қайта ойнату қажет болатын жағдайды қоспағанда.

8-жағдай. Ойыншы, корттың сыртында бола отырып, допты қайтарады немесе оны жерге тигенге дейін ұстап алады, ол ұпайды ұттым деп есептейді, өйткені доп аутқа айқын ұшып бара жатты.

Шешім: Ойыншы ұпайдан ұтылады, егер ол допты қарсыластың кортына қайтарған жағдайды қоспағанда, ол кезде ойнату жалғастырылады.

25. ДҰРЫС КЕРІ ҚАЙТАРЫЛҒАН ДОП.

Доп дұрыс қайтырылды, егер:

А. Қайтарылған доп, торға, бекіту бағанасына не дара тірекке, арқанға, жолаққа не белбеуге тие отырып, олардың үстінен асып ұшып, корттың шегіне тисе, 2 және 24 (г) Ережелерін бұзуды қоспағанда; немесе;

Б. Доп ойыншы кортының жартысында соғылғаннан кейін, және, қарсы соккыға дейін, оның қарсыласының жағына қайтып оралса, ойыншы оны бөтен жақта қуып жетіп, 24-Ережені бұзбай, корттың шегіне соққы жасаса; немесе

В. Доп, тордың шегінің сыртынан, одан жоғары немесе төмен екеніне қарамастан, тіпті торды бекіту бағаналарына тисе де, ұшып өтіп, 2 және 24(г) Ережелерді бұзбай, кортқа тисе; немесе

Г. Доп, торға, арқанға немесе бекіту тірегіне тимей, дара тіректің және ұстап тұратын көрші торды бекіту бағанасының арасындағы тордың арқаны астынан ұшып өтіп, қарсыластың кортына тисе; немесе

Д. Ойыншының ракеткасы ойыншы өз жағынан соққыны орындағаннан кейін тордан асып ұшып кетсе және доп қарсыластың кортына тисе; немесе

Е. Ойыншы ойында, кортта жатқан, басқа допқа тиген допқа соққы жасаса.

1 жағдай. Ойыншымен қайтарылған доп дара тірекке тиіп, қарсыластың кортына тиеді. Доп дұрыс ойналды ма?

Шешім: Иә. Тек егер беріс кезінде ғана доп дара тірекке соғылатын болса, ол дұрыс емес деп есептелінеді.

2 жағдай. Доп ойында, корттың шегінде жатқан басқа допқа тиді. Қандай шешім дұрыс?

Шешім: Ойнату жалғасады. Егер, ойында болған доп расымен де қайтарылғанына күмән бар болса, онда қайта ойнату тағайындалады.

26. КЕДЕРГІ (HINDRANCE).

Ойыншы ұпайды ұтады, егер қарсыластың қасақана әрекеті ол үшін ұпайды ойнату кезінде кедергі болса.

Сол уақытта ойнату қайта ойналуы керек, егер кедергі қарсыластың қасақана емес, немесе ойыншыдан тәуелсіз әрекетімен (тұрақты жабдықты қоспағанда) туындаған болса.

1 жағдай. Кездейсоқ қос соққы кедергі болып табыла ма?

Шешім: Жоқ. Сондай-ақ 24 (d) Ережені қараңыз.

2 жағдай. Ойыншы, оның қарсыласына бірдеңе кедергі жасады деп ойлағандықтан, ол ойнатуда тоқтап қалдым деп есептейді. Бұл кедергі болады ма?

Шешім: Жоқ. Ойыншы ұпайдан ұтылады.

3 жағдай. Доп ойында, корттың үстінде ұшып бара жатқан құсқа тиді. Бұл кедергі болады ма не жоқ па?

Шешім: Иә. Ойнату қайта ойналуы керек.

4 жағдай. Ұпайды ойнату кезінде, ойнату басталуға дейін кортта жатқан доп немесе басқа зат ойыншыға кедергі жасады. Бұл кедергі болады ма?

Шешім: Жоқ.

5 жағдай. Жұп матчта берушінің немесе қабылдаушының серіктесіне қай жерде тұруға рұқсат етіледі?

Шешім: Берушінің немесе қабылдаушының серіктесі корттың шегінде не корттың сыртында кез келген жайғасымда тұра алады. Сол уақытта, егер ойыншы қарсыласы үшін кедергі жасайтын болса, кедергі ережесі күшіне енуі керек.

27. КАТЕЛЕРДІ ЖӨНДЕУ.

Қателерді жөндеудің анықтаушы қағидасы Теннис Ережелеріне сәйкес келесідей болуы керек: егер қате табылса, барлық алдыңғы ойнап қойған ұпайлар күшінде қалады. Табылған қателер келесідей түрде түзетіледі:

А. Әдеттегі геймде немесе тай-брейкте, егер ойыншы дұрыс емес алаңға берістер жасаса, бұл қате анықталғаннан кейін, дереу түзетіледі. Беруші, есептің негізінде дұрыс алаңға берістер жасауы керек. Егер дұрыс емес берілген бірінші беріс екіншінің алдында табылса, онда қате күшінде қалады.

Б. Әдеттегі геймде немесе тай-брейкте, егер ойыншылар қателесе корттың жақтарымен ауыспаса, қате дереу түзетіледі, беруші есептен тәуелді корттың дұрыс жағынан беріс жасауы керек.

В. Егер ойыншы әдеттегі геймде өз кезегінде емес, қателесіп беріс жасаса, беріске кезегі келген ойыншы, қате анықтала салысымен беруді жасауы керек. Сол уақытта, егер қатені анықтағанға дейін толық гейм ойнатылып қойса, берудің басқа кезектілігі сақталады. Бұл жағдайда доптарды ауыстыру доптарды ауыстыру схемасы бойынша, бірақ бұрында белгіленген схемадан бір геймге кешірек болуы керек.

Қарсыласпен қате берілген бірінші беріс, егер қате содан кейін анықталса, есептіленбейді. Егер жұпта

беріс кезектілігінде қате жіберілсе, бірінші беруді орындау кезінде серіктесімен жасалған қате есептелінеді.

Г. Егер тай-брейкте беріс кезектілігіндегі қате айналған ойнатулардың жұп санынан кейін анықталса, ол дереу түзетіледі. Егер қате айналған ойнатулардың тақ санынан кейін анықталса, берудің жаңа кезектілігі сақталынады.

Қарсыласпен қате берілген бірінші беріс, егер қате содан кейін анықталса, есептелінбейді.

Егер жұпта беріс кезектілігінде қате жіберілсе, бірінші беруді орындау кезінде серіктесімен жасалған қате есептелінеді.

Д. Егер жұп матчтағы әдеттегі геймде немесе тай-брейкте беруді қабылдау кезектілігінде қате анықталса, жаңа кезектілік, қате анықталған геймнің соңына дейін сақталуы керек. Осы сеттің, жұп қабылдау керек болатын келесі геймінде қабылдаудың бастапқы кезектілігі қалпына келтірілуі тиіс.

Е. Егер жарияланған «толық сет» кезінде, «алтыда-алты» есебінде ойыншылар тай-брейкті бастаса, қате дереу түзетіледі, егер тай-брейкте тек бір ұпай ғана айналған болса. Егер қате екінші ойнатудан кейін анықталса, сет «тай-брейк сет» сияқты жалғаса береді.

Ж. Егер жарияланған «Тай-брейк сет» кезінде, «алтыда алты» есебінде ойыншылар әдеттегі геймді бастаса, қате дереу түзетіледі, егер тек бір ұпай ғана айналған болса. Егер қате екінші ойнатудан кейін анықталса, сет «толық сет» сияқты «сегізде-сегіз» есебіне дейін (не тең жұп санға дейін) жалғасады, содан кейін тай-брейк ойнатылуы керек болады.

3. Егер қателесіп «тай-брейк матчтың» орнына ойыншылар шешуші сетті, «толық сетті» не «тай-брек сетті» бастаса, қате дереу түзетіледі, егер тек бір ұпай ғана айналса. Егер қате, екінші ұпайды ойнатылғаннан кейін анықталса, ойыншылар сетті, біреуі 3 геймді (ал, демек, сетті де) ұтқанша жалғастыруы керек, не, егер есеп «екіде-екі» болса, «матч тай-брейк» ойналуы керек. Сол уақытта, егер қате 5-ші гейм басталғаннан кейін анықталса, сет, «тай-брейк сет» сияқты, жалғасуы қажет.

И. Егер доптар дұрыс кезектілікте ауыстырылмаса, қате, доптарды ауыстырудағы дұрыс кезектілікте жаңа доптармен беріс жасау керек болатын ойыншы (жұп) беріс жасайтын келесі реттегі гейм алдында түзетілуі керек. Доптар геймдердің басында жарияланған санынан кейін ауыстырылуы тиіс. Доптар геймнің ортасында ауыстырылмайды.

28. ТӨРЕШІЛЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ.

Төрешілерді, олардың, олар тағайындалған матчтағы өкілеттіктері мен жауапкершілігін V Қосымшадан қараңыз.

29. ОЙЫННЫҢ ҮЗДІКСІЗГІ.

Қағида бойынша ойын басталу сәтінен бастап (бірінші ойнатудың бірінші берісі орындалған кезде) матчтың аяқталуына дейін үздіксіз болуы тиіс.

А. Ұпайды ойнатулар арасындағы уақыт аралығы 20 секундтан аспауы тиіс. Ойыншылар жақтармен ауысу кезінде, уақыт аралығы 90 секундтан аспауы тиіс. Сол уақытта әр сеттің бірінші геймінен кейін және тай-брейкте жақтармен ауысу кезінде ойын жалғасуы және ойыншылар демалыссыз жақтармен ауысуы тиіс.

Әр сет аяқталуына қарай, ұзақтылығы 120 секундтан артық емес сет-брейк болуы керек.

Уақыттың есептелуі доптың алдыңғы ойнатудан шығуынан кейін, келесі ойнату добын ойынға қосқанға дейін басталады.

Кәсіби жарыстардың ұйымдастырушылары Халықаралық Теннис Федерациясынан жақтардың ауысуы үшін (90 секунд) және сет-бреук үшін (120 секунд) рұқсат етілген аралықтарды ұлғайтуға рұқсат сұрауы керек.

Б. Егер, ойыншыдан тәуелді болмайтын себептен киімі, аяқ киімі немесе қажетті жабдығы (ракетканы қоспағанда) қатардан шықса немесе ауыстыру қажет болса, ойыншы мәселені жою үшін

мақсатқа сәйкес қосымша уақыт алуы мүмкін.

В. Физикалық күйін қалпына келтіру үшін қосымша уақыт берілуі мүмкін емес. Сол уақытта, емделе алатын физикалық сырқаттан азап шегетін ойыншының осы сырқатты емдеу үшін ұзақтығы 3 минут бір медициналық үзіліске құқығы бар. Сондай-ақ дәретханаға не киімін ауыстыру үшін үзілістердің шектелмеген санына рұқсат берілуі мүмкін, егер бұл жарыстың басталуына дейін жарияланса.

Г. Жарыс ұйымдастырушылары, 10 минуттан аспайтын демалысқа рұқсат бере алады, егер бұл жарыстың басталуына дейін алдын-ала жарияланса. Бұл үзіліс 5 сеттік матчта 3-ші сеттің аяқталуына қарай немесе 3 сеттік матчтың 2-ші сетінің аяқталуына қарай алынуы мүмкін.

Д. Ойын алдындағы бой жазу 5 минуттан аспауы керек, егер ұйымдастырушылар басқасын жарияламаса.

30. ЖАТТЫҚТЫРУШЫНЫҢ СЫБЫРЛАУЫ (COACHING).

Жаттықтырушының сыбырлауы, ойыншы жағына қарай тілдесу, кез келген текті, дыбыстық немесе таңбалы кеңестер немесе нұсқаулар беру деп есептелінеді.

Командалық жарыстарда, команда капитаны кортта болған кезде, ол сет-брейк кезінде немесе геймдерден кейін жақтармен ауысу кезінде ойыншыға сыбырлап айта алады, бірақ тек әр сеттің бірінші геймінен кейін ғана немесе тай-брейк кезінде емес.

Барлық қалған жағдайларда жаттықтырушылардың сыбырлауына тыйым салынады.

1 жағдай. Ойыншыға сыбырлауға рұқсат етіледі ме, егер сыбырлар сабырлықпен және абайлап жасалатын болса?

Шешім: Жоқ.

2 жағдай. Ойын кейінге қалдырылатын болса, сол кезде ойыншыға жаттықтырушыдан нұсқаулар алуға рұқсат етіледі ме?

Шешім: Иә.

МҮГЕДЕКТЕР АРБАШАСЫНДАҒЫ ТЕННИС ЕРЕЖЕЛЕРІ

Мүгедектер арбашасындағы теннис ойыны төменде сипатталған ерекшеліктермен Теннис Ережелеріне бағынады.

А. Екі кері серпілістер ережесі.

Мүгедектер арбашасындағы ойыншы үшін доптың екі кері серпілісіне рұқсат етілген. Ойыншы допты, ол жерге үшінші рет тигенге дейін қайтаруы қажет. Екінші кері серпілісі корттың шегінде сияқты, сондай-ақ корт шекараларының сыртында да болуы мүмкін.

Б. Мүгедектер арбашасы.

Ойыншының арбашасы оның денесінің бөлігі деп саналады, және ойыншының денесіне қолданбалы, барлық ережелер оның арбашасына да қолданылады.

В. Беру.

- Беру келесідей жасалынуы қажет. Беру қимылын орындауды бастаудың тікелей алдында беруші қимылсыз жайғасымда болуы тиіс. Осыдан кейін берушіге допты жоғары лақтыру алдында бір оқыс серпуге рұқсат етіледі.
- Беруді орындау кезінде беруші дөңгелектерімен ішінен артқы сызықпен, сондай-ақ бүйірлік сызық пен орталық белгінің шартты жалғасының сыртымен шектелген бетке тимеуі керек.
- Егер берудің дәстүрлі әдісі дене бітімінен қиын болса, басқа ойыншы немесе көмекшісі мұндай ойыншы үшін допты жоғары лақтыра алады. Бұл жағдайда әр жолы берудің бірдей тәсілі қолданылуы керек.

Г. Ойыншы ұпайдан ұтылады.

Ойыншы ұпайдан ұтылады, егер:

- Ойыншы допты, ол жерге үшінші рет тигенге дейін ойнай алмаса; немесе
- Д) ережесінің бөлімі ретінде, егер ойыншы беріс және соққы жасау кезінде, не ойнату кезінде бұрылу немесе жерден серпілу кезінде тежеуіш немесе тұрақтандырғыш ретінде табанының немесе аяқтарының кез келген бөлігін пайдаланатын болса; немесе
- Ойыншы соққыны орындау кезінде арбашаның отырғышымен түйісуде бір бөксесін ұстап қала алмаса.

Д. Арбашаны аяқпен қозғалту.

- Егер жеткіліксіз қозғалғыштығының салдарынан ойыншы қолмен дөңгелектен итеру жолымен арбашаны қозғалта алмаса, ол оны аяқтарының біреуімен қимылдата алады.
- Егер, алдыңғы абзацтың негізінде, ойыншыға арбашаны аяқтарының көмегімен қимылдатуға рұқсат берілсе, аяқ бөліктерінің біреуі де жермен түйіспеуі керек:
 - Допқа соққы жасауды қосқанда, ракеткамен алға қарай сермеу кезінде;
 - Ракеткамен допқа жасауға дейін беріс қимылының басталу сәтінен бастап.
- Осы ережені бұзған ойыншы ұпайдан ұтылады.

Е. Арбашадағы ойыншы мен әдеттегі ойыншы арасындағы матч.

Егер жеке немесе жұп матчта арбашадағы ойыншы мен әдеттегі ойыншы кездесетін болса, Арбашаларда ойынға арналған ережелер арбашадағы ойыншы үшін қолданылады, ал сол кезде әдеттегі ойыншы үшін Теннис ережелері қолданылады. Осының негізінде, арбашадағы ойыншыға допты жерден екі рет кері серпілгеннен кейін ойнауға рұқсат етілген, ал сол кезде әдеттегі ойыншыға тек біреуден кейін ғана рұқсат етіледі.

Ескерту: Анықтама бойынша төменгі жамбасы, жіліншігі және табаны аяқтары болып саналады.

I ҚОСЫМША

ДОП

А. Доп ақ немесе сары түсті маталл жабыны бар біртекті бетке ие болуы тиіс. Егер допта тігістер бар болса, олар тегіс болып, түйіндері болмау керек.

Б. Доп осы талаптарға сәйкес келіп, салмағы 56,0 г кем емес және 59,4 г артық болмауы керек.

В. Бұл сипаттама доптардың барлық типтері үшін тиісті. Әр доптың, доп типіне сәйкес келетін жазық беттің үстіне 254,00 см биіктікке жоғары лақтыру кезінде 135 см артық және 147 см кем кері серпілісі болу керек. 8,165 кг жүктеу кезінде 1-Типті (жоғары жылдамдықты) доптың 0,495 см кем емес және 0,600 см артық емес қысу деформациясы, және 0,670 см кем емес және 0,915 см артық емес қайту деформациясы болу керек. 2-Типті (орташа жылдамдықты) және 3-Типті (баяу) доптың 0,560 см кем емес және 0,740 см артық емес қысу деформациясы, және 0,800 см кем емес және 1,080 см артық емес қайту деформациясы болу керек. Деформациялардың екі шамалары доптың үш осьтері бойынша үш жеке өлшеулердің орташа мәні болу керек. Бұл ретте екі жеке алынған өлшеулер әр өлшем кезінде 0,075 см артық ерекшеленбеуі тиіс.

Г. Доптардың екі қосымша типтері теңіз деңгейінен 1219 м аса биіктікте ойнау үшін пайдаланылуы мүмкін.

- Бірінші тип, жоғарыда анықталған, 2-Типті (орташа жылдамдықты) допқа ұқсас, тек кері серпілісі 122 см және 135 см арасында болуы тиіс және оның ішкі қысымы сыртқыдан жоғары болуы керек. Доптардың бұл типі, қысымдағы доп сияқты, жалпыға мәлім.

- Доптардың екінші типі, жоғарыда анықталған, 2-типті (орташа жылдамдықты) допқа ұқсас, ал оның ішкі қысымы шамамен сыртқымен бірдей. Бұл доптар нақты жарыстың биіктігінде 60 күндік немесе артық акклиматизациядан өтуі тиіс. Доптардың бұл типі қысымсыз доп деп аталынады.

- Теңіз деңгейінен жоғары 1219 м астам биіктікте кез келген төсемде ойнау нұсқалатын доптардың үшінші типі, бұл жоғарыда сипатталған 3-Типті доптар.

Д. Кері серпіліс, өлшемдер және деформациялар үшін барлық тестілер, төменде баяндалғандай, өткізілуі тиіс.

ТЕСТІЛЕУДІ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Егер басқа сипаттамалар жоқ болса, барлық тестілер Цельсий бойынша 20 градус температурада және 60% салыстырмалы ылғалдылықта өткізілуі мүмкін. Барлық доптар орауыштан шығарылуы және тестілерді өткізуге дейін 24 сағат ішінде осы жағдайларға бейімделуі тиіс, және тестілерді өткізу кезінде тура осындай жағдайларда болуы тиіс.
- Егер басқа сипаттамалар болмаса, шектер шамамен 760 мм сынап бағаны атмосфералық қысымда өткізілген сынаулар үшін белгіленген.
- Жағдайлары әдеттегіден елеулі ерекшеленетін жергілікті жер үшін, температура, атмосфералық қысым және ылғалдылық үшін басқа стандарттар белгіленуі мүмкін. Осындай стандарттарды анықтауға сұраулар кез келген Ұлттық Федерациямен Халықаралық Теннис Федерациясына жасалынуы мүмкін және бұл стандарттар осындай жергілікті жерлер үшін қабылданатын болады.
Диаметрге тестілеуді өткізу үшін, тот баспайтын, бүкіл ұзындығы бойынша бірдей қалыңдықты ойылған дөңгелек тесіктері бар металл пластина пайдаланылуы тиіс. Пластинаның қалыңдығы 0,318 см болуы керек. 1-Типті (жоғары шапшаң) және 2-Типті (орташа шапшаң) доптар үшін тесіктердің диаметрі 6,54 см және 6,86 см болуы тиіс. 3-Типті (баяу) доптар үшін тесіктер диаметрі 7 см және 7,30 см болуы тиіс. Сақиналық тесіктің ішкі бетінің 0,160 см дөңгелектену радиусымен конустық профилі бар болуы керек. Доп өзінің салмағынан кіші тесік арқылы өтпей, үлкен тесік арқылы өтуі тиіс.
- Деформацияға тестілер үшін, қайтымды деформацияны алуға модификацияны қосқанда, ілеспе құрал-саймандармен және құрылғылармен бірге, Ұлыбританияда (№ 230250 Патент) патенттелген Перси Херберт Стивенс аппараты қолданылуы керек. Басқа аппараттар пайдаланылуы мүмкін, егер олардың Стивенс аппаратымен ұқсас болатын сипаттамалары бар болса, егер олар Халықаралық Теннис Федерациясымен мақұлданса.
Тестілерді өткізу процедурасы келесі тәртіпте ұйымдастырылуы керек:

А. Алдын ала қысу – тестілерді өткізу алдында, доп әр диаметр осы бойынша 2,54 см үш осьтер бойынша бірізділікпен алдын ала қысылуы тиіс. Бұл процедура жалпы алғанда үш рет (барлығы тоғыз қысулар) өткізілуі тиіс. Барлық тестілер алдын ала қысудың екі сағаты ішінде өткізілуі тиіс.

Б. Салмағы (массасы) жоғарыда баяндалғандай тексеріледі.

В. Өлшемі жоғарыда баяндалғандай тексеріледі.

Г. Деформацияны тексеру – доп Стивенс аппаратында, аппараттың тақтасы жабатын тігіске тимейтіндей етіп орналасуы тиіс. Түйіспелі салмақ қолданылатын сол уақытта барлық көрсеткіштер нөлге орнатылады. 8,2 кг салмаққа эквивалентті болатын сынау салмағы допқа түсіріледі, содан кейін дөңгелек әдеттегі, яғни сәуле нөлдік белгіні тастап кететін кездегі сәттің және көрсеткіштің тоқтау сәтінің арасында белгі деңгейінде 5 секунд өтетіндей жылдамдықпен бұрылады. Бұрылыс тоқтаған кезде, ұзарту деформациясының шамасы жазылады. Кішкентай дөңгелекті шкалада 2,54 см (дюймдік деформация) жеткенге дейін айналдыра бастайды. Содан кейін дөңгелекті, сәулелік көрсеткіштің шкаласындағы белгімен сәйкестендіруге дейін кері бағытта айналдырады. 10 секундтық ұсталымнан кейін көрсеткішті шкаламен үйлестіреді. Көрсеткіш жазылады (қайтымды деформация). Бұл

процедура әр допта бастапқы жайғасымға және бір-біріне тік бұрышпен диаметрдің екі бағытында қайталанады.

Д. Кері серпілісті (қаншалықты жоғары) тексеру – доп 254 см биіктіктен тегіс қатты горизонталь бетке лақтырылады. Барлық өлшеулер нақты базадан доптың төменгі бөлігіне жүргізіледі.

КОРТТАР ТӨСЕМІНІҢ ЖІКТЕЛІМІ.

Халықаралық Теннис Федерациясымен бекітілген корттар төсемінің жылдамдығын тексеру әдісі, «Теннис корттары төсемдерінің стандарттарын таныстыру саласында Халықаралық Теннис Федерациясының зерттеулері» басылымында сипатталған ITF CS 01/02 (ITF төсемнің шапшаң сипаттамасы рейтингі, ТШСР) әдісі болып табылады.

0 және 29 арасында ТШСР бар болатын корттар төсемі 1-Санат (баяу) ретінде жіктеледі. Баяу төсемдердің мысалы топырақты корттар көбісі, сонымен қатар серпімді емес минералдар негізіндегі бет болып табылады.

30 және 34 арасында ТШСР бар болатын корттар төсемі 2-Санат (орташа-баяу төсем) ретінде жіктеледі.

35 және 39 арасында ТШСР бар болатын корттар төсемі 3-Санат (орташа төсем) ретінде жіктеледі. Осындай төсемдердің мысалдары акрил төсемдердің көбісі плюс кейбір кілем төсемдер болып табылады.

40 және 44 арасында ТШСР бар болатын корттар төсемі 4-Санат (орташа-жылдам төсем) ретінде жіктеледі.

45-тен жоғары ТШСР бар болатын корттар төсемі 5-Санат (жылдам төсем) ретінде жіктеледі. Осындай төсемдердің мысалдары шөп корттарының көбісі жасанды шөп және кейбір кілем төсемдер болып табылады.

ҚОСЫМША II.

РАКЕТКА.

А. Ракетканың соқпа беті жазық болып, тоқылу жолымен қиылысатын тордан шеңбермен біріктірілген ішектерден құралуы керек. Ішекті тордың ұяшықтары бірдей пішімді болуы тиіс. Ішекті беттің тартылысы, ортасында сияқты, сондай-ақ иектері бойынша да оның бүкіл ауданы бойымен бірдей болуы тиіс. Ракетка, бір және басқа жағынан бірдей сипаттамалары бар болатындай құрастырылуы керек.

Ракетканың ішектерінде, ішектердің жылжып кетуін және орын ауыстыруын, және дірілді болдырмау немесе шектеу үшін анықталғандардан басқа, ешқандай құралдар болмауы тиіс. Осы құралдар өлшемі мен орналасуы бойынша жоғарыда көрсетілген мақсаттарға сәйкес келуі тиіс.

Б. Ракетканың шеңбері, қолсабын қосқанда, ұзындығы 73,7 см артық болмауы тиіс. Шеңбердің ені 31,7 см аспауы тиіс. Шеңбердің соқпа бетінің ұзындығы 39,4 см артық емес, ал ені 29,2 см артық болмауы тиіс.

В. Ракетканың шеңберінде, қолсапта және ішектерде ойын кезінде ракетканың сипаттамаларын елеулі өзгерту мүмкіндігін, не инерцияның сермеу моментін өзгерте алатын ракетка ұзындығы бойынша салмақты лезде елеулі түрде қайта үлестіру мүмкіндігін тудыратын, не ұпайды ойнату кезінде ракетканың кез келген қасиеттінің өзгеруіне алып келетін элементтер мен құрылғылар болмауы тиіс. Шеңберде ракетканың ойын сипаттамаларын өзгертуге немесе әсер етуге мүмкіндік беретін кез келген кіріктірілген немесе монтаждалған энергия көзін пайдалануға тыйым салынады.

Г. Матч кезінде ракеткада, басқа құрылғылармен байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құрылғыларды пайдалануға, кез келген мазмұндағы, дыбыстық немесе шолулық кеңестерді немесе нұсқаулықтарды алуға тыйым салынады.

III ҚОСЫМША ЖАРНАМА

1. Тордағы жарнама оның, торды бекіту бағанасының ортасынан 0,914 м қашықтықта шектелген және ойыншыларға шолуды жаппайтындай етіп дайындалған тура сол бөлігінде рұқсат етіледі.

2. Жарнамалық қалқандар, корттың бойында немесе корттың бүйір жағында орналастырылған басқа материалдар рұқсат етілуі мүмкін, егер олар ойыншылар үшін визуалды кедергі болып табылмаса не ойынның шарттарына әсер етпесе.

3. Жарнамалық жазбалар корттың бетінде оның сызықтарының сыртында рұқсат етіледі, егер олар ойыншылар үшін визуалды кедергі болып табылмаса не ойынның шарттарына әсер етпесе.

4. Торда, корттың бүйірлері мен бүйіржақтарында, сондай-ақ оның бетінде корт шекараларының сыртында орналасқан 1-3 параграфтардағы барлық жоғарыда аталған жарнамалық өнімдерде ақ, сары немесе басқа ақшыл түстер болмауы керек, олар ойыншылар үшін кедергі болып, ойын шартына әсер етуі мүмкін.

5. Жарнамалық жазбалар корт шекараларының ішінде рұқсат етілмейді.

IV ҚОСЫМША

БАЛАМАЛЫ ПРОЦЕДУРАЛАР ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ.

ГЕЙМДЕГІ ЕСЕП (Правило 5):

«No-Ad» (No advantage) есептеу жүйесі

Бұл баламалы есептеу жүйесі қолданылуы мүмкін.

«No-Ad» гейм беруші бірінші етіп жариялайтын есеппен жүргізіледі:

Ұпай жоқ -	«Нөл»
Бірінші ұпай -	«Он бес»
Екінші ұпай -	«Отыз»
Үшінші ұпай -	«Қырық»
Төртінші ұпай -	«Гейм».

Егер екі ойыншы немесе жұптар үш ұпайдан ұтса, есеп «Тең» болады және шешуші ұпай ойнатылады. Қабылдаушы, берудің қай алаңында, сол немесе оң квадратта допты қабылдайтынын таңдауы керек. Жұпта жұп ойыншылары өзінің қабылдау квадраттарын ауыстыра алмайды, сондықтан олар, кім қабылдайтынын шешу керек. Шешуші ұпайды ұтқан ойыншы/жұп геймді ұтады.

Аралас жұптар матчында, егер ер адам беріс жасаса, ол шешуші ұпайды, қарсылас жұптың ер адамы қабылдайтын алаңға, ал егер әйел берсе, онда әйел қабылдайтын алаңға беру қажет. Ойыншыларға шешуші ұпайды қабылдау алдында қабылдау алаңын ауыстыруға рұқсат етілмейді.

СЕТТЕГІ ЕСЕП (6 және 7 ережелер).

1. «ҚЫСҚА СЕТ» (Short Set).

Қарсыласынан 2 гейм басымдылықпен, бірінші болып 4 геймді ұтқан, ойыншы (жұп) сетті ұтады. «Төртте-төрт» есебі кезінде тай-брейк ойналады.

2. «Матч тай-брейк». (7 ұпай).

Сеттер бойынша матчтағы есеп «бірде-бір» немесе бес сеттік матчта «екіде-екі» болса, жеңімпазды анықтау үшін бір тай-брейк ойналуы мүмкін. Бұл тай-брейк шешуші сетті алмастырады.

Қарсыласынан 2 ұпай басымдылықпен, бірінші болып 7 ұпайды ұтқан, ойыншы (жұп) осы матч-тай-брейкті және матчты ұтады.

3. «Матч тай-брейк». (10 ұпайға дейін).

Сеттер бойынша матчтағы есеп «бірде-бір» немесе бес сеттік матчта «екіде-екі» болса, жеңімпазды анықтау үшін бір тай-брейк ойналуы мүмкін. Бұл тай-брейк шешуші сетті алмастырады.

Қарсыласынан 2 ұпай басымдылықпен, бірінші болып 10 ұпайды ұтқан ойыншы (жұп) осы «матч тай-брейкті» және матчты ұтады.

Ескерту: Шешуші сетті ауыстыру үшін «тай-брейк матчын» қолдану кезінде:

- берудің бастапқы кезектілігі сақталады;
- жұп тәсілінде жұптың ішіндегі берудің және қабылдаудың кезектілігі, сеттің басында сияқты, ауыстырылуы мүмкін;
- тай-брейк матчтың басталу алдында 120 секундтық сет тай-брейк болу керек;
- тай-брейк матчтың алдында доптарды алмастыру жасалынбайды, тіпті егер ол бастапқы бірізділікте жасалуы керек болса да.

ЖАҚТАРМЕН АУЫСУ (10-ереже):

Жақтарды ауыстырудың осы баламалы бірізділігі тай-брейк геймде қолданылуы мүмкін.

Тай-брейк геймнің ұзақтылығында, ойыншылар айналған бірінші ұпайдан кейін және кейіннен әр төрт айналған ұпайдан кейін жақтармен ауысуы керек.

БЕРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАЙТА ОЙНАУ (22-ереже):

Қайта ойнатусыз ойынның баламалы әдісі беру кезінде 22 А ережесі бойынша.

Доп беру кезінде торға, арқанға, белбеуге тисе, онда ойын жалғасатыны туралы сөз болып отыр.

(Бұл баламалы әдіс «No let rule» ретінде белгілі).

V ҚОСЫМША

ТӨРЕШІЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Жарыстың Бас Төрешісі (Супервайзер/Рефери) корттағы теннис ережелерінің мәселелерін қарастыруда соңғы инстанция болып табылады, және оның шешімі ақырғы болып табылады.

Мінбедегі Төреші тағайындалатын сол матчтарда Мінбедегі Төреші, кортта болып жатқан деректің мәселелерінде соңғы инстанция болып табылады.

Ойыншылардың Бас Төрешіні кортқа шақыруға құқығы бар, егер олар Мінбедегі Төрешінің теннис ережелерін түсіндіруімен келіспейтін болса.

Егер матчқа Сызықтағы Төрешілер тағайындалса, олар өздері тағайындалған сызықтар бойынша және тор бойынша шешімдер (Адымдықты (Foot Fault) қосқанда) қабылдайды. Мінбедегі төрешінің, ол сызықтағы төреші анық қате жасағанына сенімді болған кезде, олардың шешімін

өзгерту құқығы бар. Сызықтағы төрешілер тағайындалмаған сол сызықтар, не тор бойынша шешімдерге мінбедегі төреші жауапты болады.

Шешімді қабылдай алмайтын, сызықтағы төреші бұл туралы мінбедегі төрешіге дереу хабарлап қою керек, соңғысы шешім қабылдау керек. Егер сызықтағы төреші шешім қабылдамаса, не сызықтағы төреші жоқ болса және мінбедегі төреші доптың жерге түсуі немесе деректің басқа мәселесі бойынша шешім қабылдай алмаса, ұпай қайта ойнатылу керек.

Бас Төреші тікелей кортта орналасатын командалық жарыстарда ол сондай-ақ деректің мәселелерінде соңғы инстанция болып табылады.

Мінбедегі төреші бұл қажетті не мақсатқа сәйкес деп есептесе, ойын кез келген сәтте тоқтатылуы, не кейінге қалдырылуы мүмкін.

Бас Төреші сондай-ақ қараңғы түскен, ауа райы жағдайларының не корттың беті сапасының нашарлауы жағдайында ойынды тоқтата алады. Қараңғы түскеннен ойынды кейінге қалдыру сеттің аяқталуына қарай не, сетте ойналған, геймдер санының жұп санынан кейін орындалу керек. Ойынды қайта жалғастырудан кейін, есеп және ойыншылардың кортта орналасуы сақталу керек.

Мінбедегі төреші және Бас Төреші ойындағы уақытша аралықтар, жаттықтырушының сыбырлары бекітілген және қолданыстағы Кортта ойыншылардың тәртіп кодексі бойынша шешімдер қабылдау керек.

1-жағдай. Сызықтағы төрешінің шешімін түзеткеннен кейін, мінбедегі төреші бірінші берістен қайта ойнауды тағайындады. Қабылдаушы, қайта ойнауға дейін бірінші беруді орындай отырып, беруші қателесті және екіншіні беру керек деп наразылық білдірді. Жағдайды шешу үшін кортқа Рефери шақырыла ала ма?

Шешім: Иә. Мінбедегі Төреші теннис ережелері мәселелерінің (оларды кортта болып жатқанға қатысты түсіндіре отырып) бастапқы анықтамасын жасайды. Сонда, егер ойыншы оның шешімімен келіспесе, ақырғы шешімді қабылдау үшін кортқа Бас Төреші шақырылады.

2-жағдай. Мінбедегі төреші доп аутқа тиді деп шешті. Ал ойыншы доп кортқа тиді деп есептейді. Жағдайды шешу үшін кортқа Бас Төреші шақырыла ала ма?

Шешім: Жоқ. Мінбедегі төреші дерек мәселесі бойынша (даулы оқиғада тікелей болғанмен) ақырғы шешімді қабылдайды.

3-жағдай. Ойнату аяқталуына қарай мінбедегі төреші сызықтағыны түзете алады ма, егер ол сызықтағы төреші ойнатудың ортасында анық қателесті деп есептесе?

Шешім: Жоқ. Мінбедегі төреші Сызықтағы Төрешінің шешімін тек қана, жасалған анық қатеден кейін, дереу өзгерте алады.

4-жағдай. Сызықтағы Төреші «Аут» деп айқайлады, және ойыншы, доп кортқа тиде деп есептей отырып, бірден наразылық білдірді. Мінбедегі Төреші Сызықтағы Төрешіні түзете алады ма?

Шешім: Жоқ. Мінбедегі Төреші, ойыншы жағынан наразылықтан немесе күдіктен кейін, Сызықтағы Төрешінің шешімін өзгерте алмайды.

5-жағдай. Сызықтағы Төреші доп аутқа тиді деп есептейді. Мінбедегі Төреші анық көре алмады, бірақ доп тиді деп есептейді. Мінбедегі Төреші Сызықтағы Төрешіні түзете алады ма?

Шешім: Жоқ. Мінбедегі Төреші Сызықтағы Төрешіні тек қана анық қате жағдайында түзете алады.

6-жағдай. Мінбедегі Төреші есепті жариялағаннан кейін Сызықтағы Төреші өз өзін түзете алады ма?

Шешім: Иә. Сызықтағы Төреші, қате жасағанын, түсіне салысымен, ол дереу түзету керек, егер бұл ойыншының қысымымен жасалмаса.

7-жағдай. Жағдайды қалай дұрыс шешуге болады, егер Мінбедегі Төреші немесе Сызықтағы Төреші «аут» деп айтып, өз өзін, доп тиді деп есептей отырып, түзететін болса?

Шешім: Мінбедегі Төреші, «аут» дауысы ойыншылар үшін кедергі болды ма екенін, шешу керек. Егер ол кедергі болатын болса, ойнату қайта ойналады. Егер жоқ болса, соңғы соққыны жасаған, ойыншы ұпайды ұтады.

8-жағдай. Доп, қарсыластың кортына соққы жасағаннан кейін, басқа жартыға қайтады және ойыншы оны, соққы жасауға тырысып, бөтен жартыда дұрыс қол жеткізеді. Оның қарсыласы оған осы соққыны жасауға кедергі жасайды Дұрыс шешім қандай?.

Шешім: Мінбедегі Төреші осы кедергі қасақана немесе кездейсоқ болды ма екенін шешу керек. Қасақана кедергі жағдайында ол, кедергі жасалған, ойыншыға ұпай беру керек. Егер де кедергі кездейсоқ болса, ұпай қайта ойналу керек.

ІЗДІ ТЕКСЕРУ ПРОЦЕДУРАСЫ

- а) Ізді тексеру тек қана топырақты корттарда жүзеге асырылуы мүмкін.
- б) Ойыншының (жұптың) сұрауы бойынша ізді тексеру тек қана, мінбедегі төреші, ұпайды ойнатуда бұл соңғы соққы болғанда, немесе ойыншы (жұп) ұпайды ойнату кезінде ойынды тоқтатқанда, өз орнынан доптың жерге түсуін сенімділікпен анықтай алмаған жағдайда рұқсат етіледі.
- в) Егер Мінбедегі Төреші ізді тексеруді жасағысы келсе, ол мінбеден түсіп, өз бетімен инспекциялауды жасау керек. Егер ол іздің қайда жатқанын білмесе, ол Сызықтағы Төрешіні іздің орналасу орнын анықтауға көмек мұрай алады, бірақ осдан кейін Мінбедегі Төреші іздің инспекциялауын жасау керек.
- г) Егер Сызықтағы Төреші немесе Мінбедегі Төреші іздің орналасу орнын анықтай алмаса немесе із оқылмайтын болса, онда бастапқы шешім (көтеріңкі дауыс немесе шешімді болдырмау (overrule)) қалады.
- д) Мінбедегі Төреші доптың жерге түсуі бойынша анықтап және шешім қабылдай салысымен, бұл шешім ақырғы болып табылады және апелляцияға жатпайды.
- е) Топырақ төсемдерде Мінбедегі Төреші көтеріңкі дауыстың дәлдігіне анық сенімді болмайынша есепті жариялауға асықпау керек.
- ж) Жұп матчта ойыншы, ойын тоқтатылатындай немесе Мінбедегі Төреші ойынды тоқтатындай, апелляция жасау керек. Апелляциядан кейін, Мінбедегі Төреші, бірінші кезекте, апелляция процедурасы ойыншымен дұрыс жасалынғанын анықтау керек. Егер бұл процедура дұрыс емес немесе кеш жасалынса, онда мінбедегі төреші, жұптың қарсыластарға қасақана кедергі жасады деген шешім қабылдауы мүмкін, бұл жағдайда апелляция берген команда ұпайды ұтылады.
- з) Егер ойыншы, мінбедегі төрешінің ақырғы шешімді қабылдауына дейін, ізді кетіріп тастаса, бұл оның осы жерге түсу бойынша көтеріңкі дауыспен келісетінін білдіреді.
- и) Ойыншы қарсыласының жағындағы ізді тексеру үшін тордан аспауы керек. Өйтпеген жағдайда, ойынша Тәртіп Кодексіне сәйкес Спортқа жатпайтын Тәртібі үшін жазалануы тиіс.

ІЗДІ ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕКСЕРУ ПРОЦЕДУРАСЫ

Ізді Электронды Тексеру Процедурасы пайдаланылатын жарыстарда келесі процедура қолданылуы тиіс:

- а) Көтеріңкі дауысқа немесе болдырмауға, ойыншының сұрауы бойынша, ізді электронды тексеру тек қана ойнатудағы соңғы соққыға немесе, ойыншы (жұп) ойнату кезінде ойынды тоқтатқан кезде (допты қайтару рұқсат етілген, бірақ ойынша дереу тоқтау керек), жүзеге асырылуы керек.
- б) Мінбедегі Төреші, ол көтеріңкі дауыстың немесе болдырмаудың (overrule) дұрыстығында күмәнденген кезде, ізді тексерудің электронды жүйесін пайдалануды шеше алады. Осыған қарамастан, мінбедегі төреші ізді электронды тексеруді пайдалануға бас тартуы мүмкін, егер ол ойыншы негізделмеген сұрау жасайды немесе бұл уақтылы емес жасалынды деп есептесе.
- в) Жұп матчта ойыншы, ойын тоқтатылатындай немесе мінбедегі төреші ойынды тоқтатындай, апелляция жасау керек. Апелляциядан кейін, Мінбедегі Төреші, бірінші кезекте, апелляция

процедурасы ойыншымен дұрыс жасалынғанын анықтау керек. Егер бұл процедура дұрыс емес немесе кеш жасалынса, онда мінбедегі төреші, жұптың қарсыластарға қасақана кедергі жасады деген шешім қабылдауы мүмкін, бұл жағдайда апелляция берген команда ұпайды ұтылады.

- г) Егер ізді Электронды Тексеру Жүйесі доптың жерге түсуін анықтай алмаса, онда бастапқы көтеріңкі дауыс немесе болдырмау (overrule) әрқашан қалады.
- д) Мінбедегі төрешінің ақырғы шешімі ізді Электронды Тексеру Жүйесінің негізінде жасалыну керек, және шағымдануға жатпау керек. Егер Электронды жүйеде доптың жерге түсуін таңдау қажет болса, төреші ресми тұлғаны тағайындайды, ол қай жерге түсуді қарап шығу керектігі туралы шешім қабылдайды.

VI ҚОСЫМША

10 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ РЕСМИ ТЕННИС ЖАРЫСТАРЫ

КОРТ:

Корттың толық өлшемдеріне толықтыруға, корттың келесі өлшемдері 10 жасқа дейінгі жас үшін ресми жарыстар үшін пайдаланылуы мүмкін:

- Қызыл корт ұзындығы 10.97 метрден 12.80 метрге дейін және ені 4.88 метрден 5.79 метрге дейін аралықтағы тікбұрыш болу керек. Ортасы бойынша тордың биіктігі 0.80 метр болу керек.

- Қызғылт сары корт ұзындығы 18.29 метр және ені 6.40 метрден 8.23 метрге дейін тікбұрыш болу керек. Ортасы бойынша тордың биіктігі 0.80 метрден 0,914 метрге дейін болу керек.

ДОПТАР:

10 жас және одан кіші жастағы ойыншылар үшін доптардың келесі типтері нұсқалады:

- 3-Тип (қызыл) немесе 2-тип (қызғылт сары) қызыл корттарда ойнау үшін нұсқалады.

- 2-Тип (қызғылт сары) немесе 1-тип 1 (жасыл) қызғылт сары корттарда ойнау үшін нұсқалады.

- 1-Тип (жасыл) стандартты кортта ойнау үшін нұсқалады.

3-Типті, 2-Типті, 1-Типті доптардың қасиеттері «Халықаралық Теннис Федерациясымен бекітілген теннис доптары және корттың бетін жіктеу» атауымен Халықаралық Теннис Федерациясының жарияланатынында сипатталған.

ЕСЕПТЕУ ӘДІСІ:

1, 2, 3 типті доптарды пайдалану арқылы 10 жасқа дейінгі балаларға арналған жарыстарда, ТЕННИС ЕРЕЖЕЛЕРІНДЕ (Қосымшаларды қосқанда) көрсетілетін есептеу әдісі, есептеудің қысқартылған әдісіне қоса (бір матч-тай-брейктен, 3 тай-брейктен тұратын матчтар \ матч тай-брейк немесе бір сет), жеңілдетілуі мүмкін.